**"Мемлекеттік органның бюджет қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау әдістемесін және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ақша қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 10 қаңтардағы № 9 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 25 сәуірдегі № 219 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 14 мамырда № 7653 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 540 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 706 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.12.2016 № 540 және ҚР Қаржы министрінің 30.12.2016 № 706 бірлескен бұйрығымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мемлекеттік органның бюджет қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау әдістемесін және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ақша қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 10 қаңтардағы № 9 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7381 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік органның бюджет қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау әдістемесінде:

10-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген ден қою актілерін орындау бойынша қабылданған (іске асырылған) шаралар" китерийі бойынша мыналар көрсетіледі:

мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау нәтижелері бойынша енгізген ден қою актілеріне сәйкес бюджетке қайтарылуға жататын бұзушылықтар сомасының көлемі;

мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау нәтижелері бойынша енгізген ден қою актілеріне сәйкес бюджетке қайтарылуға жататын

бұзушылықтар сомасына қарағандағы белгіленген мерзімде бюджетке қайтарылған бұзушылықтар сомасының көлемі;

мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау нәтижелері бойынша енгізген ден қою актілеріне сәйкес жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу және/немесе есепке алуда көрсету жолымен қалпына келтіруге жататын бұзушылықтар сомасы;

мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау нәтижелері бойынша енгізген ден қою актілеріне сәйкес жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу және/немесе есепке алуда көрсету жолымен бюджетке қалпына келтіруге жататын бұзушылықтар сомасына қарағандағы белгіленген мерзімде қалпына келтірілген бұзушылықтар сомасының көлемі;

қайтарылған және қалпына келтірілген сомалардың көлемін қоспағанда, есепті кезеңдегі мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген ден қою актілерінің жалпы санына қарағанда толық және белгіленген мерзімде орындалған мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ден қою актілерінің саны көрсетіледі;";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Бюджет қаражатының жалпы көлеміне ішкі бақылау қызметтерімен тексерілген бюджет қаражатының көлемі" критерийі бойынша бағалау:

мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау нәтижелері бойынша енгізген ден қою актілеріне сәйкес бюджетке қайтарылуға жататын бұзушылықтар сомасының көлемін;

мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау нәтижелері бойынша енгізген ден қою актілеріне сәйкес бюджетке қайтарылуға жататын бұзушылықтар сомасына қарағандағы белгіленген мерзімде бюджетке қайтарылған бұзушылықтар сомасының көлемін;

мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау нәтижелері бойынша енгізген ден қою актілеріне сәйкес жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу және/немесе есепке алу бойынша көрсету жолымен қалпына келтіруге жататын бұзушылықтар сомасының көлемін;

мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау нәтижелері бойынша енгізген ден қою актілеріне сәйкес жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу және/немесе есепке алу бойынша көрсету жолымен бюджетке қалпына келтіруге жататын бұзушылықтар сомасына қарағанда белгіленген мерзімде қалпына келтірілген бұзушылықтар сомасының көлемін;

қайтарылған және қалпына келтірілген сомалардың көлемін қоспағанда, есепті кезеңдегі мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген ден қою

актілерінің жалпы санына қарағанда толық және белгіленген мерзімде орындалған мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ден қою актілерінің саны көрсетіледі.";

46-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тікелей және/немесе түпкілікті нәтиже болмаған не тікелей нәтижеге қол жеткізуді бағалауға мүмкіндік бермейтін немесе түпкілікті нәтижелері бар тікелей нәтижелерді қайталайтын сандық сипатының орнына іс-шаралар болған жағдайда, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерін басқа бюджеттік бағдарламасының көрсеткіштерінде қайталаған жағдайда 0 балл беріледі.";

48-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижесіне 90,1%-дан кем қол жеткізілген болса, онда бюджеттік бағдарламаның тиімділігі "0 пайызға" тең болады.";

55-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Күнтізбелік он бес күн ішінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және бағаланатын мемлекеттік органдарға қайта тексеру нәтижелері бойынша келіспеушіліктерді қабылдау не қабылдамау туралы негізделген қорытындыларды жібереді. Келіспеушіліктер қабылданған жағдайда бағалау нәтижелері туралы қорытындыға тиісті түзетулер енгізіледі.";

1-қосымшада:

3 "Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген ден қою актілерін орындау бойынша қабылданған (іске асырылған) шаралар" китерийі мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | |
|---|---|
| 3. | "Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген ден қою актілерін орындау бойынша қабылданған (іске асырылған) шаралар" китерийі |
| | мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау нәтижелері бойынша енгізген ден қою актілеріне сәйкес бюджетке қайтарылуға жататын бұзушылықтар сомасының көлемі; |
| | мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау нәтижелері бойынша енгізген ден қою актілеріне сәйкес бюджетке қайтарылуға жататын бұзушылықтар сомасына қарағандағы белгіленген мерзімде бюджетке қайтарылған бұзушылықтар сомасының көлемі; |
| | мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау нәтижелері бойынша енгізген ден қою актілеріне сәйкес жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу және/немесе есепке алуда көрсету жолымен қалпына келтіруге жататын бұзушылықтар сомасы; |
| | мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау нәтижелері бойынша енгізген ден қою актілеріне сәйкес жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу және/немесе есепке алуда көрсету жолымен бюджетке қалпына келтіруге жататын бұзушылықтар сомасына қарағандағы белгіленген мерзімде қалпына келтірілген бұзушылықтар сомасының көлемі; |
| | қайтарылған және қалпына келтірілген сомалардың көлемін қоспағанда, есепті кезеңдегі мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген ден қою актілерінің жалпы санына қарағанда толық және |

| | | |
|---|---|---|
| | белгіленген мерзімде орындалған мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ден қою актілерінің саны | |

";

7-қосымшада:

3 "Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген ден қою актілерін орындау бойынша қабылданған (іске асырылған) шаралар" және 4 "Мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметінің бюджет қаражатын басқару жөніндегі қызметі және олардың ұсынымдарын орындау жөніндегі шаралар" критерийлері мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген ден қою актілерін орындау бойынша қабылданған ( іске асырылған) шаралар - 9 балл | |
| | Есепті кезеңде тексеру жүргізілмеуіне байланысты мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ден қою актілерінің болмауы | 4 |
| | Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бақылау нәтижелері бойынша енгізген ден қою актілеріне сәйкес бюджетке қайтарылуға жататын бұзушылықтар сомасына қарағандағы белгіленген мерзімде бюджетке қайтарылған бұзушылықтар сомасының көлемі | 3 |
| | 100% немесе бюджетке қайтарылатын сома жоқ | 3 |
| | 70,0 – 99,9% | 2 |
| | 35,0 – 69,9% | 1 |
| | 34,9%-ға дейін | 0 |
| | Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бақылау нәтижелері бойынша енгізген ден қою актілеріне сәйкес жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу және/немесе есепке алуда көрсету жолымен бюджетке қалпына келтіруге жататын бұзушылықтар сомасына қарағандағы белгіленген мерзімде қалпына келтірілген бұзушылықтар сомасының көлемі | 3 |
| | 100% немесе бюджетке қалпына келтірілетін сома жоқ | 3 |
| | 70,0 – 99,9% | 2 |
| | 35,0 – 69,9% | 1 |
| | 34,9%-ға дейін | 0 |
| | қайтарылған және қалпына келтірілген сомалардың көлемін қоспағанда, есепті кезеңдегі мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген ден қою актілерінің жалпы санына қарағанда толық және белгіленген мерзімде орындалған мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ден қою актілерінің саны | |
| | 100% немесе бюджетке енгізілген ден қою актісі жоқ | 3 |
| | 70,0 – 99,9% | 2 |
| | 35,0 – 69,9% | 1 |
| | 34,9%-ға дейін | 0 |
| 4 | Мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметінің бюджет қаражатын басқару жөніндегі қызметі және олардың ұсынымдарын орындау бойынша шаралар – 8 балл | |
| | Ішкі бақылау қызметтерінің немесе олар жүргізген тексерулердің болмауы | 0 |
| | Ішкі бақылау қызметтері қамтыған бюджет қаражатының көлеміне қарағанда анықталған бюджеттік және өзге заңнаманы бұзушылықтар сомасы | 3 |
| | Бұзушылықтар болмауы себебінен нұсқаманың болмауы | 3 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | 50%-дан астам | 3 |
| | 25,0 – 49,9% | 2 |
| | 5,0 – 24,9% | 1 |
| | 4,9%-ға дейін | 0 |
| | мемлекеттік органның ведомстволық бағынысты ұйымдары мен бөлімшелерінің жалпы санына қарағанда есепті кезеңде ішкі бақылау қызметтерінің тексерулерімен қамтылған мемлекеттік органның ведомстволық бағынысты ұйымдары мен бөлімшелерінің саны | 2 |
| | 40,0%-дан астам | 2 |
| | 20,0 – 39,9% | 1 |
| | 19,9%-ға дейін | 0 |
| | қайтарылған және қалпына келтірілген сомалардың көлемін қоспағанда, есепті кезеңде мемлекеттік органның басшысы қабылдаған ұйғарымдардың жалпы санына қарағандағы ішкі бақылау қызметтерінің тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік органның басшысы қабылдаған ұйғарымдардан мемлекеттік органның ведомстволық бағынысты ұйымдары мен бөлімшелері толық және белгіленген мерзімде орындағандарының саны | 3 |
| | 100% | 3 |
| | 70,0 – 99,9% | 2 |
| | 35,0 - 69,9% | 1 |
| | 34,9%-дейін | 0 |

";

6 "Бюджетті атқару жөніндегі ұйымдастыру шаралары" критерийі мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 6 | Бюджетті атқару жөніндегі ұйымдастыру шаралары - 15 балл | |
| | мемлекеттік сатып алу жылдық жоспары тармақтарының жалпы санына қарағанда мемлекеттік сатып алу жоспарының орындалған тармақтары санының үлесі | 3 |
| | 95 - 100% | 3 |
| | 90 - 94% | 2 |
| | 50 - 89% | 1 |
| | 0 - 49% | 0 |
| | мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарының жалпы көлеміне қарағанда мемлекеттік сатып алу жоспарының орындалған тармақтарындағы бюджет қаражаты көлемінің үлесі | 3 |
| | 95 - 100% | 3 |
| | 90 - 94% | 2 |
| | 50 - 89% | 1 |
| | 0 - 49% | 0 |
| | мемлекеттік органның құзыретіне кіретін бюджеттік бағдарламаны іске асыру үшін қажет нормативтік және/немесе құқықтық актілерді уақтылы қабылдау | 2 |
| | уақтылы | 2 |
| | мерзімін бұза отырып | 0 |
| | бюджеттік инвестициялық жобалардың сметалық құнын ұлғайту фактілерінің болмауы | 3 |
| | бюджеттік инвестициялық жобалардың құжаттамасының сметалық құнын ұлғайту пайызы | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | 1 – 20% | 2 |
| | 21 – 40% | 1 |
| | 40%-дан астам | 0 |
| | Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінде бюджеттік инвестициялық жобалардың болмауы | 2 |
| | объектілерді белгіленген мерзімде тапсыру (іске қосу) | 4 |
| | Уақтылы | 4 |
| | Есепті кезеңде пайдалануға тапсырылуы жоспарланып отырған объектілердің жалпы санына қарағанда пайдалануға уақтылы енгізілмеген объектілердің үлесі | |
| | 1 – 13% | 3 |
| | 14 – 26% | 2 |
| | 27 – 40% | 1 |
| | 40%-дан астам | 0 |
| | Объектіні тапсыру (енгізу) көзделмеген | 2 |

".

2. Бюджеттік рәсімдер әдіснамасы департаменті (А.Н. Қалиева) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі Б. Жәмішев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК